Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

11 ақпан сенбі
№12 (1919)
2023 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиевпен бірге өңірдегі мұнай кен орындарын аралады.

АЙМАҚТА ЖАҢА КЕН ОРЫНДАРЫ ІЗДЕСТІРІЛМЕК

Аймақ басшысы мен Мағзұм Мырзағалиев Ақшабұлақ кен орнында болып, «Торғай-Палеозой» жобасының жүзеге асырылу барысымен танысты. Алдағы уақытта «Торғай Палеозой» барлау алаңында 5 мың метрден астам тереңдікте көмірсутек шикізатына геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Қазіргі таңда аймақта мұнай өндіру технологияларын жетілдіру және жаңа кен орындарын барлау-іздестіру жұмыстары қолға алынбақ.

Республикалық бюджет есебінен Шу-Сарысу және Арал бассейндерінде геологиялық-геофизикалық зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар Сырдария шөгінді бассейнді зерттеуге республикалық бюджеттен қаражат бөлуді сұрады.

Айта кетейік, аралау барысында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы мұнай компанияларындағы жұмысшылардың әлеуметтік жағдайы мен жаңа кен орындарын барлау бойынша өңірде атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын берді.

Сондай-ақ аймақ басшысы мен ұлттық компания басшысы Құмкөл кен орнындағы мұнай барлау жұмыстарының негізін салған қайраткер Мұрат Саламатовтың ескерткіш бюстіне гүл шоғын қойды. Кен орнындағы өндірістік нысандардың жұмысымен танысты.

Өңірдегі жұмыс сапары аясында Мағзұм Мырзағалиев Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінде аймақ мектептеріне «National Geographic» журналына жазылуға сертификаттар табыстады. Ғылым әлемінде танымал басылым география, табиғат, тарих, ғылым және мәдениет туралы ақпараттық-танымдық материалдарды қамтиды. Оқушылардың ақыл-ой қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

ЖЕТІ ПАРТИЯНЫҢ ҮКІЛЕГЕН ҮМІТІ БАР

8 ақпан күні алдағы сайлауға үміткерлерді ұсыну аяқталды. Бұл сайлауға үкілеген үмітін сайлаған партиялар қатары аз емес. Жеті бірдей партия алдағы сайлауда бақ сынамақ. Сондай-ақ депутат болғысы келетіндер аз емес.

Орталық сайлау комиссиясының дерегі бойынша Мәжіліс пен мәслихат сайлауына барлығы 14207 үміткер ұсынылған. Оның 1754-і партиялық тізіммен, қалған 12 453 адам бір мандаттық округтар бойынша сайлауға түспек. Мәжіліс сайлауына 7 партиядан 283 үміткер 69 мандат үшін бәсекеге түседі.

«8 ақпан күні сағат 18-00-де барлық өңірде Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттығына кандидаттарды ұсыну аяқталды. Орталық сайлау комиссиясы сайлауға барлық 7 саяси партияны жіберді. Саяси партия партияға мүше болмаған тұлғаны тізімге қосуға құқығы жоқ екендігін еске салғым келеді. Партиялық тізімге қосылған тұлғалар саны саяси партиялар арасында бөлінетін депутаттық мандаттың белгіленген санынан 30 пайызға асып кетпеуі тиіс. Бұл ары кеткенде 90 адам, одан төмен де болады. Партиялар партиялық тізім саны қанша болатындығын дербес анықтады», –деп жариялады Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров.

Бұл сайлауда мәслихат депутаттығына тартыс қыза түседі деген болжам бар. Себебі жергілікті мәслихаттарда бір орынға 4,3 үміткерден түсуде. Тағы бір айта кетерлігі, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы мәслихат сайлауына қатысудан бас тартқан. Бұл партия негізгі күшті Мәжіліске бағыттағанын да жасырмады. Қалай айтқанда да бұл сайлау тартысты өтетін сияқты.

Сонымен, Мәжіліс сайлауына 7 саяси партия қатысады. Оның ішінде партиялық тізім арқылы «Қазақстан халық» партиясынан – 52, «Ақ жол» партиясынан – 54, «Жалпыұлттық социал-демократиялық» партиясынан – 19, «Байтақ» жасылдар партиясынан» – 18, «Ауыл» партиясынан – 25, «Respublica» партиясынан – 25, «AMANAT» партиясынан – 90 кандидат ұсынылған.

Г.ДІЛДӘБЕКОВА

Қасиетті қара жер – адам баласы кие тұтатын ең қадірлі мекен. Адамның кіндігі де, тірлігі де Жер-Анамен байланысты. Жерден өзге аймақта, басқа планетада адамдар өмір сүре алмайды. Ғалымдар қанша зерттесе де тіршілікке жерден лайықты планета таба алмады. Жер-Анамыз ашулы секілді. Ол мінез көрсетіп, ақпанда алапат болып, жер сілкінді. Зардабы да ауыр. Бауырлас Түркиядағы жер сілкінісі оның зардабы қаншалықты ауыр болатынын көрсетті.

ДҮМПУІНДІ ТОҚТАТҚЫЛ, ЖЕР-АНА!

Зілзаладан зардап шеккен Түркия һәм Сергелдеңге түскен Сирия

Дәл қазір алыстағы түрік ағайындар қатты қиналуда. Алапат зілзала бірнеше мың адамның өмірін жалмады. Мыңнан аса ғимарат қирады. Құтқарушылар қираған ғимараттар мен үйіндіге айналған тұрғын үйлердің арасынан адамдарды шығаруда. Сириядағы жағдай да мәз емес. Өкінішке орай қайтыс болғандардың саны күн санап артып отыр. Төтенше жағдайлар мен

апаттар жөніндегі басқарманың (AFAD) мәліметіне сүйенсек, 6 ақпан күні Кахраманмараш-Пазарджик ауданында 7,7 баллдық және Эльбистанда 7,6 баллдық жер сілкінісі болған. Бұл аздай 648 афтершок болған дейді мамандар. Афтершок дегенді соққының қайта қайталануы деп түсіндіруге болады. Бірақ оның әсері алғашқыдан әлдеқайда төмен. Дегенмен алапат жер селкінісінен кейін 600-ден астам афтершок болса ондағы ғимараттар үйіндіге айналмағанда қайтсін... Жерасты дүмпуі Түркияның 10 провинциясында, сондай-ақ көршілес елдерде, соның ішінде Сирияда сезілген. Түркия Президенті Режеп Ердоған 10 провинцияда 3 айға төтенше жағдай режимін енгізіп, ел көлемінде 7 күндік аза тұту жариялады. Ол твиттердегі парақшасына: «Елімізде 2023 жылдың 6 ақпанында болған жер сілкінісіне байланысты 7 күндік ұлттық аза тұту жарияланды. Туымыз 2023 жылдың 12 ақпаны, жексенбі күні, барлық елімізде және шетелдік өкілдіктерде күн батқанға дейін жартылай тік көтеріледі», – деп жазды.

«Анадолы агенттігінің» мәліметіне сүйенсек, Түркияда жер сілкінісінен қаза болғандар саны 12 мыңнан асқан. Бұл – Қазақстан уақытымен 9 ақпанның таңындағы ақпар. Төтенше жағдайлар мен апаттар жөніндегі басқарманың (AFAD) мәліметінше, Кахраманмараштағы зілзала салдарынан 12391 адам көз жұмса, 62914 адам жарақат алған. ҚазАқпарат агенттігі халықты орналастыру үшін 70818 шатыр тігілгенін мәлімдеді. Соңғы мәліметтер бойынша Түркия мен Сирияда зілзаладан қайтыс болғандардың саны 20 мыңнан асқан. Өкініштісі, қаза тапқандардың саны сәт санап артып келеді.

Сирияда да зілзала салдарынан мыңдаған адамның қаза тапқаны белгілі болды. Бұл елдің де жағдайы мәз емес. Сергелдеңге түскен Сирия да көмекке мұқтаж.

Біз қанша жерден технология дамыған XXI ғасырда өмір сүріп жатырмыз десек те әлі күнге дейін зілзала туралы алдын ала нақты болжам жасау мүмкін емес. Тіпті мұндай табиғи апаттың дәл қай күні, қай сағатта болатынын сейсмология ғылымының өзі нақты айта алмай отыр. ДДСҰ бағалауы бойынша зілзаладан зардап шеккен аумақтарда барлығы 23 миллионнан астам халық тұрады екен. Бұл ұйым қаза тапқандар саны 20 мыңнан асуы мүмкін екенін ескертіп отыр. Негізі Түркияда жер сілкісіні жиі болады. Бірақ 6 ақпандағы зілзала апатты болып тұр. Қолда бар деректерге сүйенсек, құтқару жұмыстарына 10 мыңнан астам адам жұмылдырылған. Президент Ердоған бұл зілзаланы 1939 жылдан кейін қайталанған аса ірі табиғи апат деп атады. Зілзала зардабы Грузия, Армения, Ливан, Иранда сезілген. Кейіннен Анкара қаласында да қуаттылығы мұнан төмен жерасты дүмпуі болған. Тіпті 8 ақпанда Түркияның оңтүстігінде қуаттылығы 5,4 баллдық жер сілкінісі тіркелген.

2 БЕТТЕ

18 СЕКУНД: ҮЛГЕРГЕН АЛАДЫ, ҮЛГЕРМЕГЕН ҚАЛАДЫ

Ақпан басталғалы көп талқыланған тақырыптың бірі осы болды. Әсіресе 18 секундта арнайы сайтқа өтінім беріп үлгеру жайы көпшіліктің күмәнін туғызды. Сонымен, бәрін басынан бастайық.

Алтыншы ақпан күні арнайы іске қосылған сайтта жеңілдетілген автонесиге өтінім қабылдау басталды. Дәл осы күнді зарыға күтіп, мойын созып жүрген көпшіліктің өтінім беру сәті бар болғаны 18 секундта аяқталды. Бар мәселе де осында. 18 секундта 761 адамның өтінім беріп үлгеруіне күмәнмен қарағандар аз емес. Тіпті әлеуметтік желінің барлығында 18 секундты талқылағандар қатары аз болмады.

Ресми ақпаратқа сүйенсек, сол күні арнайы сайтқа 125 мың қолданушы кірген. Алайда берілетін несие саны шектеулі. Яғни 761 адам өтініш берген кезде кезекке тұрғандар саны толып қалып, көзді ашып-жұмғанша, 18 секундта аяқталған.

2 БЕТТЕ

Қаладағы С.Лапин атындағы № 261 мектепте «Лапин шоу» оқушылар театры құрылған болатын. Қазіргі уақытта жаңа жоба өз нәтижесін беріп, оқушылар сахнада өнер көрсетуде.

ТЕАТРЫ БАР МЕКТЕП

– Театр жобасын енгізудегі мақсат – оқушылардың шығармашылығын дамыту, адамгершілікке тәрбиелеу, баланың сөйлеу мәнерін жақсарту, көпшілік алдында өзін ұстай білуіне, жан-жақты дамуына ықпал жасау. «Лапин шоу» оқушылар театры құрылғанда алғашқы 5-9 сыныптар аралығында балаларға «Кастинг – 2021» жарияланды. Осылайша театрға талантты, өнерлі шәкірттерді қабылдадық. Әрбір баланың мүмкіндігін жетілдіру мен жақсартудың жолдарын іздеуде жұмыс істеп жатырмыз. Әр оқушының мақсатқа жетуіне көмектесеміз, – дейді С.Лапин атындағы №261 орта мектептің педагог-ұйымдастырушысы Шолпан Күздеубай.

3 БЕТТЕ

Қазақстан көмек беруден аянбайды

Зілзаладан зардап шеккен Түркияға әлем жұртшылығы көмек қолын созуда. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жойқын жер сілкінісінен зардап шеккен Түркия Республикасына гуманитарлық көмек ретінде 1 млн доллар бөлуді тапсырды. Осы тапсырмаға орай ел үкіметі 8 ақпанда қаулы қабылдап, Қаржы министрлігіне Қазақстан және басқа мемлекеттердің аумағында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін 2023 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген ҚР Үкіметінің төтенше резервінен ҚР Сыртқы істер министрлігіне бір миллион АҚШ долларын бөлу тапсырылды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Республикасының Қазақстандағы елшілігіне барып, бауырлас елдің оңтүстік-шығысында болған алапат зілзала салдарынан мыңдаған адамның қаза табуына байланысты көңіл айтты. Сондай-ақ Қазақстанның жан-жақты қолдау көрсететінін жеткізіп, көңіл айту кітабына жазба қалдырды.

– Түркияда болған жойқын жер сілкінісі салдарынан көп адамның қаза болуы баршамыздың қабырғамызды қайыстырды. Қазақстан халқының және жеке өз атымнан түрік бауырларымызға көңіл айтамын, – деп жазды Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президентінің тапсырмасына сәйкес Түркияға құтқарушылардың екі легі аттанды.

Хабар-ошарсыз кеткендер арасында Қазақстан азаматтары да бар. 8 ақпанда Сәбина Мамадиярова табылды. Үйінді астынан табылған жерлесіміз дене жарақатымен ауруханаға жеткізілді. Өкінішке орай Әділ Қадырбеков пен Мирус Құрмашев қаза тапты. Олардың денелерін құтқарушылар үйінді астынан тапқан. Сонымен қатар Түркиядан 64 адам елге жеткізілді. Оның 42-сі отандасымыз, 22-сі Қырғызстан азаматы екенін айта кеткен жөн.

Төтенше жағдайлар министрінің бірінші орынбасары Ибрагим Күлшімбаев құтқарушылардың жұмыс барысын баяндады. Оның айтуынша, жер сілкінісі болған аймақта күрделі жағдай қалыптасқан. Құтқарушылар үйінділер арасында қалған адамдарды іздестіріп, әкелген құтқару жабдықтарын қолданып жатыр.

– Газиантеп қаласының Ататүрік көшесінде екі нысан бойынша тобымыз екіге бөлініп жұмыс істеп жатыр. Құтқару операциялары кезінде құлаған үйлердің қирандыларын қарап, арасында қалып қойған адам бар-жоғы тексеріледі. Мәйіт болса оны алып шығу да біздің міндет. 30 адамнан тұратын

Басы 1-бетте

бір тобымыз бір нысанда, 10 адамнан құралған екінші тобымыз басқа нысанда жұр. Олар түрік құтқарушыларымен бірігіп жұмыс істеп жатыр. Мына жерде барлық күш-құрал бар. Келген еріктілер тамақ жағын ұйымдастырып жатыр. Қаланың әкімшілігі де бізбен бірге, қасымызда, – деді Төтенше жағдайлар вице-министрі Ибрагим Күлшімбаев.

Журналист Гүлнар Жолжанның «Егемен Қазақстан» газетіндегі «Қолдау мен көмек» атты мақаласында Түркияда он елдің 1000-ға жуық құтқарушы маманы зардап шеккен нысандарда жұмыс істеп жатқаны жазылған. «Алапат кесел болған күннен бастап бұл елге Әзербайжаннан – 400, Қазақстаннан – 100, Ресейден – 100, Беларусь Республикасынан – 64, Қырғызстаннан – 63, Грузиядан – 60, Өзбекстаннан – 60, Молдовадан – 55, Тәжікстаннан – 50, Эстониядан – 44 құтқарушы аттанған», – деп жазылған мақалада.

Апат айтып келмейді. Бірақ оның зардабы мен салдары да ауыр болуы мүмкін. Қазақстанның Төтенше жағдайлар министрлігіне қарасты Сейсмология институты директорының ғылым жөніндегі орынбасары, физика-математика ғылымдарының кандидаты Нұрсәрсен Өзбеков соңғы бес жылда Қазақстанда сейсмикалық құрылғыларда 40 мыңға жуық жер сілкінісі тіркелгенін атап өтті. «Атап айтар болсам, 2018 жылы – 8500, 2019 жылы – 7800, 2020 жылы – 9500, 2021 жылы – 6700, 2022 жылы – 6900 жер сілкінісі болды. Бұл – сейсмикалық фон, геологиялық аймақтың сейсмикалық өмірі. Яғни бұл – жалпы қатты байқалмайтын жер сілкіністері», – дейді маман.

Түркиядағы жағдайға байланысты Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі де шұғыл шаруаға кірісті. Аталған министрліктің үйлестіруімен Ұлттық волонтерлер желісі Түркияда жер сілкінісінен зардап шеккендерге гуманитарлық көмек жинауды бастады. «Гуманитарлық көмек республикалық маңызы бар барлық қалалар мен облыс орталықтарындағы «Birgemiz» өңірлік волонтерлер фронтофистерінің кеңселерінде ұйымдастырылып, Ұлттық волонтерлік желісі арқылы Қазақстандағы Түркия елшілігіне тапсырылады. Түркия елшілігіне барып, зілзалада опат болғандардың отбасыларына көңіл айтып, зардап шеккендердің тез сауығып кетуіне тілектестік білдірдім. Сонымен бірге волонтерлер тарапынан жасалатын көмек турасында пысықтадық», деп жазды Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі әлеуметтік желідегі парақшасында.

Қазақстан жойқын жер сілкінісінен зардап шеккен Сирияға да көмек бермек. Президент Үкіметке Ислам ынтымақтастық ұйымы арқылы Сирияға гуманитарлық көмек жіберуді тапсырды.

Былайғы жұрттың да бауырлас елге көмекке асық екенін байқауға болады. Журналист Нұрбек Бекбау Түркиядағы зардап шеккен халыққа киіз үйлер апару туралы бастама көтерді. Артынша Қызылордалық кәсіпкер Марат Сәрсенбаевтың Түркияға киіз үй жіберетіні белгілі болды. Нұрбектің өзі әлеуметтік желіге қажетті қаржы жиналғанын, оған киіз үйлерді алатынын жазды. Жаңақорған ауданы әкімінің баспасөз хатшысы Нұрбол Бакиров апат аймағына волонтер ретінде баруға дайын екенін мәлімдеді. Құтқарушылар сапына қосылуға біз де дайынбыз.

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

Ресми ақпаратқа сүйенсек, сол күні арнайы сайтқа 125 мың қолданушы кірген. Алайда берілетін несие саны шектеулі. Яғни 761 адам өтініш берген кезде кезекке тұрғандар саны толып қалып, көзді ашып-жұмғанша, 18 секундта аяқталған.

– Сайтқа бір миллионнан астам пайдаланушы кірді. Оның ішінде 125 мыңнан астам азамат өтінім беруге тырысты. Бағдарлама іске асырылғаннан бастап осы уақытқа дейін жиналған қаражат – 7,6 млрд теңге. Алдын ала 761 адам тіркеледі деп жоспарланды. Осы лимитке жеткен уақытта өтінімді қабылдау автоматты түрде тоқтады», – деп түсіндірді «Өнеркәсіпті дамыту қоры» басқарма төрағасының орынбасары Жанар Ибрашева.

Сондай-ақ бұл бағдарламаның ұзақмерзімді екені, келесі айда тағы да жалғасатыны белгілі. Алайда бағдарлама миллиондаған жанның жеңілдетілген несиемен көлік арманын қанша уақытта жүзеге асырмақ? Бұл орайда сарапшылар бағдарламаның тиімді болуы керегін айтады. Мәселен, AlMAU университеті, жоғары меденджмен мектебінің оқытушысы Қуанышбек Дүйсенов «Курсив»

Басы 1-бетте

18 СЕКУНД: ҮЛГЕРГЕН АЛАДЫ, ҮЛГЕРМЕГЕН ҚАЛАДЫ

сайтына бағдарламаның тиімділігін арттыру жайындағы пікірін жариялады. «Қазіргі кезде осы бағдарламаның операторы «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-да жинақталған қаражат сомасы 7,6 млрд теңге деп отыр. Яғни әр клиентке 10 млн теңге қарастырылғанын ескерсек, шамамен 760 адамның ғана өтінімін қанағаттандыра алмақ. Ал бізде осы бағдарламадан үмітті азаматтар саны мыңдап саналады. Бұның соңы клиенттердің теңдігін бұзуға апарып соқпай ма деген сауал туындауы заңды.

Бұл мәселеге қатысты «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ бірінші раунд ретінде алғашқы айда 760 адамға автонесие бермекші. Ары қарай тағы да жинақталған қаражат негізінде несие беріледі деп отыр. Дегенмен бұл көрсеткіш жалпы нарықтағы сұраныстың қанағаттандыра алмайтыны анық.

Себебі қаражаттың жиналу уақыты ұзақ мерзімді талап етеді. Сәйкесінше, бұлай жалғаса беретін болса, онда қордың тағы да үкіметтен қаражат алу ықтималдығы өседі немесе жылына бір рет болып тұратын «жолы болғандарға» ғана арналған бір реттік науқандық шара ретінде қалып кетуі де ғажап емес. Мүмкін, осы бір реттік науқанда көп болса 700-1000 адамның ғана үміті ақталар. Одан тыс сол шартты түрде 700-1000 адам саны қалай іріктелсе де ол – өте төмен көрсеткіш. Бұны экономикаға, отандық автокөлік сатылымын арттыруға аса бір елеулі оң әсерін береді деп айту қиын. Бұл жақта тіпті клиенттер теңдігі жайлы айтудың өзі артық», – деп жазады ол.

Айта кетелік, жеңілдетілген автонесиеге өтінім қабылдау келесі айда жалғасады. Өнеркәсіпті дамыту қоры өкілдерінің болжауынша наурыз айында 100-ден аса өтінім болуы мүмкін. Яғни жиналған қаражатқа байланысты.

Әрине, жеңілдетілген несиемен жаңа көлік алу тиімді екені белгілі. Алайда өтінім беруге үлгерген алып, үлгермегені қалу бағдарламаны әлі де пысықтау қажет екенін байқатады.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

БРИФИНГ

Денсаулықсақтаусаласындаәрадамсалауатты өмірсалтынсақтау мен өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау басты міндет болуға тиіс. Осы мақсатта қаламызда санитарлық-эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру және қоғамдық денсаулықты жақсартуда ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Санитарлық талапты сақтау – денсаулық негізі

Мәселен, өткен жыл қорытындысымен 48 инфекция түрлері тіркелмеген. 2021 жылмен салыстырғанда 7 инфекция көрсеткіштері азайса, 19 инфекция көрсеткіштері жоғары сипатқа ие болған. Ал инфекциялық және паразиттік аурулар бойынша қала тұрғындары арасында жіті ішек инфекцияларының вирусты гепатит, туберкулез, бруцеллез және Конго-Қырым гемаррагиялық қызбасының эпидемиологиялық ахуалы тұрақсыз болған. Бұл жөнінде баспасөз орталығында өткен брифингте қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Ерлан Ұзақбаев кеңінен тоқталып өтті.

– Өткен жылы жіті ішек инфекциясының 1684 оқиғасы тіркелді, оның ішінде 1419-ы 14 жасқа дейінгі балалар арасында болып отыр. Былтырғы жылдың осы мерзімімен салыстырғанда аурушаңдық көрсеткіштері 2,1 есеге, 14 жасқа дейінгі балалар арасында 1,9 есеге өсіп отыр. Облыстық көрсеткіштен 1,9 есеге және республикалық көрсеткіштен 7,4 есеге жоғары. Сонымен қатар облыс бойынша тіркелген аурушаңдықтың 91,6% құрайды. Ал «Кене шағу» диагнозымен 446 жағдай тіркелді, оның 14 жасқа дейінгі балалары 144 немесе 46,1% құрайды, – деді Ерлан Амантайұлы.

Сонымен қатар жедел вирусты гепатит А ауруының 8 оқиғасы тіркеліп, ауру оқиғалары орын алған мектептер жоспардан тыс тексерілген. Нәтижесінде эпидемиялық көрсеткіш бойынша 386 бала вирусты гепатит А-ға қарсы екпемен қамтылған. Жалпы, қалада вирусты гепатит А-ға қарсы жоспарлы профилактикалық екпелермен 12609 бала қамтылған.

Қызылорда қаласында COVID-19 коронавирустық инфекциясының 4216 оқиғасы тіркелген. Аурудың алдын алуда басымды және тиімді шара – вакцинация және ревакцинация. COVID-19 инфекциясына қарсы қала халқының 87,9% егумен қамтылған.

– Туберкулезбен 204 науқас жаңадан анықталды, оның 168 өкпе туберкулезі. 2021 жылмен салыстырғанда 5,1%, облыстық көрсеткіштен 20,9% және республикалық көрсеткіштен 1,5 есеге жоғары. Барлық тіркелген өкпе туберкулезінің 40,4% жұқпалы түрі. Бүгінгі таңда туберкулездің дәріге төзімді түрінің өсу тенденциясы қалыптасуда. Аурушаңдық асқынуымен 2 жағдай тіркелді. Балалар арасында туберкулезге қарсы БЦЖ вакцинасымен екпелерде 328 баланың ата-аналары түбегейлі егуден бас тартты, бұл көрсеткіш былтырғы жылмен салыстырғанда 3,1 есеге жоғары, – дейді Ерлан Ұзақбаев.

Жалпы қалалық СЭБ басқармасы мамандарымен 2022 жылы 552 тексеру жүргізілген. Жүргізілген ерекше тәртіп бойынша және жоспардан тыс тексерулер барысында барлығы 324 заңбұзушылықтар анықталып, жауапты тұлғаларға әкімшілік шара көрілген. Сонымен қатар айыппұлдар салынып, нысандарға бұзушылықты жою туралы ұйғарымдар берілген.

Қазіргі уақытта түрлі инфекциялық аурулардың өршуі санитарлық талапты сақтамаған жағдайда да болады. Сондықтан әсіресе, қоғамдық орындарда әрбір адам санитарлық номаларды сақтауға өзін міндеттеуі қажет. Бұл – қоғам талабы ғана емес, өзің денсаулығыңды сақтау үшін әрекет ету.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

Қалада қоғамдық ахуал тұрақты. Атап айтсақ, жалпы құқық бұзушылықтың тіркелуі өткен жылмен салыстырғанда 14 пайызға немесе 331 қылмысқа төмендеген. Бұл жөнінде баспасөз орталығында өткен брифингте Қызылорда ҚПБ бастығы, полиция полковнигі Әбдібек Жаназаров мәлім етті.

ҚЫЛМЫС АЗАЙЫП КЕЛЕДІ

Қазіргі таңда полицияның қызмет атқару аймағы бойынша қала үш аймаққа бөлінген. Яғни облыс орталығы және Ақсай, Тасбөгет полиция бөлімдерінің аймақтары. Сонымен қатар қалаға қарасты 8 елді мекенде 8 учаскелік инспекторы мен 4 көмекші қызмет атқаруда. Олар қаламыздың тыныштығын сақтауда өз қызметтерін мүлтіксіз орындауда. Қылмыстық жағдайдың алдын алу мақсатында атқарылған жұмыстар ауқымды. Соның нәтижесінде қоғамдағы ахуал тұрақты.

– Жыл басынан тіркелген қылмыстың 38 пайызын ұрлық, 26 пайызын алаяқтық қылмыстары құраса, қалғандарын өзге санаттағы қылмыстар құраған. Қылмыстың кезекші тәулікте ашылуы 44 пайызды құраса, ауыр және аса ауыр санаттағы қылмыстардың ашылуы 61 пайызды құрап, өткен жылмен салыстырғанда 9,2 пайызға жоғарылаған. Бүгінде «102» арнасы арқылы тәулігіне 150-ден астам әртүрлі хабарламалар тіркеледі. Өткен жылы қала көлемінде криминогендік ахуалды сауықтыру бағытында 12 айда жекелеген қылмыс түрлерінің алдын алуға байланысты «Пәтер», «Қару», «Мал ұрлаушы», «Автоұрлық», «Аккумулятор» «Құқықтық тәртіп» атты жедел профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылды. Сонымен қатар мереке күндері, сенбі, жексенбі күндері ахуалы күрделі деген 50 шақты кафе-барларға қосымша қызметкерлер қойылды. Соның нәтижесінде әр түрлі әкімшілік құқық бұзғаны үшін 162 369 азаматқа әкімшілік хаттамалар толтырылды, – деді Әбдібек Сламбекұлы.

Жалпы қаладағы бейне бақылау камералары полицейлерге қоғамдық тәртіпті сақтауда септігін тигізуде. Мәселен, осы бейнебақылау камераларының көмегімен бір жылда 29387 әкімшілік құқық бұзушылықтар анықталса, 136 қылмыс ашылған. Сондықтан да қала көшелерінде бейне бақылау камераларын орнатудың маңызы зор. Облыс орталығында басқармаға қарасты жедел басқару орталығымен бақыланатын 272 бейнебақылау камералары орнатылған.

Қоғамда қылмыстың көбеюіне спирттік ішімдікті шектеусіз сату да әсер етеді. Себебі ішімдік ішкен адам қылмыс жасауы немесе құрбаны болуы мүмкін. Сондықтан да басқарма тарапынан мұндай жұмыстарға да қадағалау болып тұрады.

– Мәселен, өткен жылы 71 дүкен иесіне кәмелетке толмағанға спирттік өнім сатқаны үшін, белгіленген уақыттан кейін шектеусіз спирт өнімін сатқаны үшін 470 дүкен иесіне, түн тыныштығын бұзғаны үшін 120 ойын сауық орындарына, кәмелетке толмағандарды түнгі уақытта ойын сауық орындарына кіргізгені үшін 162 кәсіпкерге әкімшілік шара көрілді. Жол көлік оқиғаларының алдын-алу мақсатында да түрлі профилактикалық бағытта «Қауіпсіз жол», «Жаяу жүргінші», «Заңсыз жолаушы тасымалдаушы», «Автобус» атты жедел профилактикалық іс-шаралар бірнеше реттен ұйымдастырылды. Нәтижесінде 12 айдың қорытындысымен орын алған жол көлік оқиғалары 2,8 пайызға төмендеген, – деді қалалық ішкі істер басқармасының бастығы Әбдібек Жаназаров.

Қалалық полиция басқармасы қылмыс жасауға бейім жасөспірімдерге қатысты профилактикалық жұмыстарды күшейтіп, нәтиже шығаруды мақсат еткен. Мәселен, өткен жылы кәмелет жасқа толмағандарға қарсы жасалған қылмыс 44,1 пайызға, ал кәмелетке толмағандар арасында қылмыс 48,9 пайызға төмендеген. Қазіргі таңда кәмелетке толмағандармен және оларға қарсы жасалатын қылмыстардың алдын-алу бағытында «Жасөспірім», «Балалар қысқы демалыста», «Қауіпсіз мектеп», «Балалар түнгі қалада» атты жедел профилактикалық шаралар ұйымдастыруда.

– Бір жылда атқарылған шаралардың нәтижесінде қаламызда қылмыс саны төмендеді. Полиция басқармасы өз құзыреті шегінде тиісті жұмыстарды атқаруда. Қазіргі қазақстандық полицияның өзекті міндетінің бірі қолжетімділікті және ашықтықты арттырып, тұрғындармен өзара тиімді байланыс жасауға тиіс. Сондықтан жұмыс тиімділігі халықтың сенімімен ғана өлшенеді. Біз қауіпсіздіктің алдын алу бағытындағы міндеттерімізді атқаруға тиістіміз, – деді Әбдібек Сламбекұлы.

А.БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІ
ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?

Бала – жанып тұрған шырақ. Шырақтың одан сайын жарқырап жануы, яғни әр баланың бойындағы «отты» сақтау – сынып жетекшісінің басты мақсаты.

Әр мұғалімнің жұмысында күрделі, бірақ өте маңызды миссия бар. Ол – сынып жетекшісі болу. Кейбір мұғалімдер бұл жұмысты олардың педагогикалық қызметіне қосымша жүктеме деп санаса, басқалары оны ең маңыздысы деп атайды. Сынып жетекшісінің жұмысы қаншалықты қиын болса да бұл, әрине, балаларға қажет. Өйткені сынып – мектептің негізгі құрылымдық буыны.

Қазіргі заманғы сынып жетекшісінің қызметі – білім беру мекемесінің маңызды буыны оқушыларға жеке көзқарасты енгізудің негізгі тетігі. Сынып жетекшісі өз сыныбындағы оқушылардың күнделікті өмірі мен әрекетін болжайды, талдайды, ұйымдастырады, бақылайды. Қазіргі заманғы сынып жетекшісі өз қызметінде белгілі оқу-тәрбие жұмысының формаларын қолданады. Жұмыс формалары педагогикалық жағдайға байланысты анықталады.

Қазіргі сынып жетекшісі қандай болуы керек? Қазіргі білім беру процесінде оның рөлі қандай?

Өз іс-әрекетінің технологиясына иелік ететін нағыз сынып жетекшісі әр тәрбиеленушісінде қайталанбас тұлғаны көре білетін ақылды тәрбиеші. Ол әрбір оқушыны педагогикалық диагностика негізінде терең зерттейді. Оқушымен қарым-қатынасты үйлестіреді, жеке тұлғаға бағдарланған тәсілге негізделген сыныптың қалыптасуына ықпал етеді. Сынып жетекшісі балалармен бірге сыныптың білім беру жүйесін жобалайды. Олардың қызығушылықтарын, қабілеттерін, тілектерін ескереді, ата-аналармен қарым-қатынас жасайды, қоршаған ортаның этномәдени жағдайларын ескереді.

Қазіргі уақытта сынып жетекшісі уақыт ағымына ілесіп жұмыс істеуі қажет. Ол әдістемелік және психологиялық тұрғыдан сауатты, оқу-тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесін білуі керек. Ол үнемі тақырыптық секцияларға, семинарлар мен конференцияларға қатысып біліктілігін арттырады.

Балалар – тәрбие және білім беру процесінің негізгі буыны. Олардың қатысуынсыз бірде-бір сынып жетекшісі өз шеберлігін көрсете алмайды, тәжірибемен бөлісе алмайды.

Сынып жетекшісінің жұмысы – бұл барлық білім беру мекемесінің білім беру бағдарламасына негізделген мақсатты, жүйелі, жоспарланған қызмет. Қазіргі сынып жетекшісінің қызметі ең алдымен өз сыныбының оқушыларымен жұмыс істеуге бағытталған. Ол когнитивті қызығушылықтарды дамыту мен ынталандыру үшін оның жеке және жас ерекшеліктерін зерттей отырып, әрбір жеке баланың мотивациясын қалыптастырады.

Сынып жетекшісі педагог-психологпен бірге оқушылардың даралығын, олардың қоғамға бейімделуін зерттейді. Психологтың қолдауымен тәрбиеленушілердің танымдық, шығармашылық қабілеттері мен мүмкіндіктерін анықтай отырып, сынып ұжымының дамуын талдайды, балаға болашақ мамандығын таңдау туралы шешім қабылдауға көмектеседі.

Сондай-ақ оның қызметінде қосымша білім беру мұғалімдерімен ынтымақтастықтың маңызы зор. Олармен қарым-қатынас балалардың қосымша білім беру жүйесінің барлық алуан түрлілігін оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін кеңейтуге көмектеседі. Сыныптан тыс жұмысты, бос уақытты және демалысты ұйымдастыруда сынып жетекшісі белсенді қарым-қатынас жасайды.

Отбасы – тәрбиенің маңызды әлеуметтік институтының бірі. Сынып жетекшісінің ата-аналармен жұмысы баланың мүддесі үшін отбасымен жұмыс жасауға бағытталған. Сынып жетекшісі ата-аналарды білім беру ұйымындағы оқу процесіне қатысуға тартады. Бұл отбасында қолайлы климаттың қалыптасуына, баланың мектепте және үйде психологиялық және эмоционалды жайлылығына ықпал етеді. Сонымен қатар оқушының эмоционалды дамуына, оның сөйлеуі мен интеллектісіне ықпал ететін оқу қызметінің мазмұнын жаңарту маңызды міндет болып қала береді.

Данагүл ҚУАНДЫҚ,
№268 мектеп-лицей мұғалімі

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» – деп Абай атамыз айтқандай, бүгінде осы ұлы жолда аянбай еңбек етіп, ұрпақ тәрбиесін бірінші кезекке қоятын асыл жандар өте көп. Сондай жандардың бірі де, бірегейі Тасбөгет кентінің тұрғыны, ұзақ жыл ұстаздық жолда еңбек етіп келе жатқан Н.Ергешбаев атындағы №172 орта мектебінің көркем еңбек пәнінің мұғалімі Болатбек Дүйсебаев есімін ерекше атап айтуға болады.

ЕҢБЕККЕ БАУЛЫП ШӘКІРТІН

Осы уақытқа дейін оқушылар ықыласына бөленіп, өз бағасын алған ардақты ұстаз Болатбек Бөлегенұлы қаңтар айында зейнет демалысына шықты.

Саналы ғұмырын жас ұрпаққа білім беруге арнаған Болатбек Дүйсебаевтың еңбек жолы жас ұрпаққа үлгі.

Ол 1960 жылы 1 қаңтарда Тасбөгет кентінде дүниеге келген. Мектеп табалдырығын алғаш 1967 жылы аттап, №11 қазақ орта мектебін 1977 жылы ойдағыдай бітіріп шыққан. Мектептен кейін 1977-1978 жылдар аралығында Шымкент қаласындағы №38 КТУ-ді, киномеханик мамандығы бойынша бітіріп, Сырдария аудандық кино жүйесінде аға киномеханик қызметін атқарады.

1978 жылдың қазан айынан бастап отбасы жағдайына байланысты «Рисовхозстрой» тресіне қарасты УПП мекемесінде ағаш шебері болып жұмыс істейді. Ал 1979-1981 жылдары Белорусия жерінде әскер қатарында «ПУ» командирі қызметінде болған. Әскер қатарынан оралғаннан кейін жоғарыда аталған мекемеде бұрынғы мамандығы бойынша жұмысын жалғастырады.

1983 жылы Қызылорда Гидромелоративтік техникумына түсіп, техник-гидротехник мамандығын бітірді. 1984-1993 жылдары ПМК-66 мекемесінде ағаш шебері-балташы, 1993-1995 жылдары «Альянс» ЖШС ағаш шебері мамандығы бойынша жұмыс істейді. 1995 жылы Оқу өндірістік комбинатында, 1996 жылы «Атамекен» оқушылар үйі орталығында «Шебер қолдар» үйірмесінің жетекшісі болып қызмет атқарады.

2000 жылы Қорқыт ата атындағы ҚМУ-ға мемлекеттік грант бойынша «Кәсіби оқыту және еңбек» кафедрасына түсіп, 2005 жылы бітіреді. Осы жылдан бастап, мектепте көркем еңбек пәнінен сабақ береді. Оқушыларды көлөнерге баулуда еңбегі зор. Ол мектептегі барлық қоғамдық жұмысқа белсене қатысты.

Шәкірт тәрбиелеу жолында өзінің күш-жігерін, терең білімін, бай тәжірибесін жұмсаған ол ұстаздық қызметті абыроймен атқарды. Осы жылдары ол ұйымдастырушылық, іскерлік қабілеттерімен танылды. Шәкірттері де түрлі жетістіктерге жетіп, ұстаз үмітін ақтады.

Мәселен, 2015 жылы 8 сынып оқушысы Руслан Әуелбек қалалық ішкі саясат бөлімі мен «Самұрық инновациялық идеяларды дамыту орталығының» алғыс хатымен марпатталған. Сондай-ақ қалалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Менің арманымдағы үй» атты макеттер сайысында 7 «А» сынып оқушылары Мұхаметәлі Берістенбаев, Март Фархад үздіктер қатарынан көрінген. Ал 2019 жылы республикалық дәстүрлі интернет олимпиадасында 8 сынып оқушылары Медет Батырхан, Шәутен Ниязовтар I дәрежелі, Қайрат Мұхаммебетқали II дәрежелі дипломмен марапатталған.

Болатбек Бөлегенұлының жары Милла Жаналиева аталған мектепте кітапхана меңгерушісі болып қызмет атқарады. Ол – өз жұмысының тәжірибелі маманы. Отбасында екеуі екі ұл, бір қыз және жеті немере тәрбиелеп отыр.

Жақсы ұстазға екі ғана нәрсе керек, оның бірі – терең білім болса, екіншісі – үлкен жүрек. Балаға деген шексіз махаббаттың иесі болған шебер ұстаз бүгінде зейнетке шығып, өз еңбегінің жемісін көріп отыр.

Ардагер ұстаз – құрметті де ардақты ұғым. Болатбек Бөлегенұлы осы жылдарда қасиетті ұғымға көлеңке түсірмей еңбек еткен мұғалім. Еңбегі сонысымен бағалы.

ЕЛ АЗАМАТЫН ТӘРБИЕЛЕУ – МІНДЕТІМІЗ

Әр адамның өз өмірінде ерекше бағалайтын ұстазы бары анық. Тек сізге мұғалімдік еткен адам ғана емес, өміріңізге басшылық еткен, тәлімгер болған және үлес қосқан кез келген адам ұстаз атағына лайық. Бауыржан Момышұлы: «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі ұрпақты ұстаз тәрбиелейді» – дегендей ұстаздықты таңдаған адам өз бойында асыл қасиеттерді қалыптастыра білу керек, яғни өз мамандығына махаббатпен берілген, бар қуатын оқушыға сарқып бере алатын, онымен бірге қуана да, қайғыра да біле алуы қажет.

Менің пікірімше, ұстаздық ету кез келген адамның қолынан келе бермейді. Сонымен қатар мұғалім балаға сапалы білім беру үшін шығармашылық тұрғыдан үздіксіз ізденісте болуы қажет. Ал үздіксіз білім дегеніміз – үздіксіз оқыту мен тәрбиелеу емес немесе бекітілген оқу мерзімімен және оқу орнының қабырғасымен шектелмейді.

Бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеу рухани құндылықтардың қайнар көзі негізінде және оны жеке тұлғаның қабылдауы арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің негізгі міндеті – баланың даралылығын дамыту, тәрбиелеу және оқыту үшін жағдайлар жасау арқылы интеллектін байыту, бала тұлғасының рухани және дене мүмкіндіктерін ашу екендігі ерекше аталған. Сондықтан оқушылардың оқу-тәрбие үрдісінде жан-жақты даму мүмкіндігін жүзеге асыру, білім алу процесіндегі шығармашылық ойлауын қалыптастыру, өз беттерімен білімді игеру қабілетін көрсете білуі мұғалімнің шеберлігімен тікелей байланысты. Еліміздің әрбір жасөспірімін дара тұлға ретінде жетілдіру, нағыз ел азаматы етіп тәрбиелеу – біздің қолымызда.

Дәмегүл АЛИЕВА,
Смағұл Ысқақов атындағы
Қызылорда құрылыс және бизнес колледжі
өндірістік оқыту шебері

ОҚУШЫЛАР АСПАН ӘЛЕМІН
ЗЕРТТЕЙ БАСТАДЫ

Қаламызда білім сапасын көтеру мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Бүгінгі уақыт үнемі ізденіс пен жаңашылдықты талап етеді. Осы мақсатта оқушылардың ғылыми жоба, шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау – басты міндет.

Соның дәлелі ретінде әлемдік жаңашыл білім беру саласын дамыту бағытында қаламыздағы Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінде «Обсерватория» кабинеті ашылған еді. Нәтижесінде мектеп оқушылары аспан денелерін обсерватория құрылғысы арқылы көре алады.

Жобаның негізгі мақсаты – балалардың жаратылыстану-математикалық сауаттылығын арттыру, ғылыми бағытта астрономия бағыты бойынша зерттеу жұмыстарымен айналысу. Обсерваторияда балалар телескоп, процессор, спектроскоп, арнайы призма мен Vive pro 2 шлемі секілді құрал-жабдықтармен жұмыс істей алады. Ал киностудия арқылы сапалы бейнеконтент түсіруге арналған заманауи жабдықтар қойылып, балалардың шығармашылық жұмыстармен еркін айналысуына жағдай жасалды. Сондай-ақ «Bio Master» кабинеті арқылы оқушылар қолдан макет жасап, жергілікті өлкетану іліміне тереңдей түседі.

«Мектеп обсерваториясы» соңғы үлгідегі жаңа құрылғылармен толық қамтамасыз етілген. Жаңа кабинет 2021 жылы жұмысын бастағанмен, аз уақыт ішінде үздік нәтижелерге жетіп үлгерген.

– Оқушылар мүмкіндікті кеңінен пайдалануда. Яғни олардың ғылыми бағытқа деген қызығушылығы жоғары. Мәселен, осы уақытқа дейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы, профессор Бақыт Қалиевпен бірлесіп, обсерваторияның барлық мүмкіндігін балалармен бөлісуге тырысып келеміз. Нәтижесінде 11 сынып оқушысы Мағжан Дүйсенбек республикалық «Дарын» ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңі бойынша III орын алып, обсерваторияның мол мүмкіндігін көрсетті. Оқушымызға физика пәнінің мұғалімі Әлия Сәрсенбай жетекшілік етті. Одан бөлек «Ғылым әлемін ашамыз» атты ғарыштық зерттеулер бойынша халықаралық ғылыми конкурсының II орын жүлдегері атанды. Оқушыларымыз қазан айында Ақтөбе қаласында өткен республикалық астрономиялық олимпиадаға қатысып, дипломмен марапатталды. Сондай-ақ «Ай фазаларын зерттеу» ғылыми жобасынан Аружан Сейдалы I орын, Аружан Бихожаева II орын алып, республикалық олимпиадаға жолдама алды. Сонымен қатар «Білімді ұлт: терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында өткен ғылыми көрмеде үйірме оқушылары Қызылорда облыстық білім басқармасының алғыс хаттарымен марапатталды. Үйірме оқушылары Алматы қаласындағы «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығында «Ғарыштық робототехника» тақырыбында арнайы курстан өтіп, сертификатқа ие болды. «Ұлы өнертапқыштыққа 10 қадам» атты ғылыми жобалар конкурсының қалалық кезеңінде Мағжан Дүйсенбек «Космонология» бағыты бойынша жүлделі I орын алып, ғылым жолындағы қоржынын тағы да толықтырды, – дейді Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицей директорының бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары Жанар Күзембаева.

Қазіргі таңда жұлдызды аспанға назар аударатын адамдар саны аз. Астрономия саласымен тек кәсіби ғалымдар айналысады деген пікір бар. Алайда мектеп оқушылары бұл салаға ден қойып, зерттеу жасауда алғырлық танытып келеді. Оқушылардың аспандағы қандай да бір құбылысты зерттеуге мүмкіндігі зор. Яғни обсерватория жаратылыстану ғылымына қызығатын оқушылардың терең білім алуына жол ашуда.

– Оқушылардың аспан денелерін немесе құбылыстарды ажыратып, анықтай алуы, тіпті түсіндіре білуі бастауыш мектеп жасынан бастап астрономияға деген қызығушылықты дамыту өте маңызды. Мектеп оқушылары тек оқу процесімен шектеліп қалмауы үшін жан-жақты даму мақсатында «Мектеп обсерваториясы» қарқынды жұмыс жасап жатқанын айта аламыз. Оқушылар үшін «Обсерватория» кабинеті – аспан әлеміне ашылған даңғыл жол, – дейді Жанар Күзембаева.

ТЕАТРЫ БАР МЕКТЕП

Театр мүшелері аймақтық жарыстарға белсене қатысуда. Мәселен, Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай аймақтық мектептер арасында өткен «Қазақ халқының рухани көсемі» атты сахналық қойылымға «Ахметтің аманаты» қойылымын сомдап жүлделі 3-орын иеленген. А.Байтұрсыновтың рөлін сомдаған 6 «А» сынып оқушысы Дулат Кеңесбай «Үздік актёр» аталымын жеңіп алған.

Театр өнеріне балалардың қызығушылығы күн санап артуда. Биылғы оқу жылында театрдағы оқушылар саны 300-ге жеткен. Жаңа оқу жылы театр оқушылары үшін жеңіспен басталды деуге болады. Атап айтсақ, «Театрдың ғажайып әлемі» республикалық фестиваль-байқаудың облыстық кезеңінде «Лапин шоу» театры өнер көрсетіп, жүлделі орындармен марапатталған. Сондай-ақ мектептегі театр ұжымы «Шығармашылық пен шеберлік көрсеткені үшін «Дарын» облыстық білім беру орталығының алғыс хатын иеленді.

– Театр мектеп қабырғасынан оқушылардың өнерге құштарлығын оятып, олардың шығармашылық қабілетін ашуға мүмкіндік береді. Осы орайда мектепішілік қойылымдар жүйелі түрде қойылады. Мұндай игі жоба жас буынды өнерге баулып, театр әлемімен жақынырақ таныстыруға бағытталған. Театр өнері аса талғампаздық пен шынайылықты талап етеді. Кәсіби актерліктен алыс болса да жас өнерпаздар басты рөлдерді шебер сомдап шығуда. Көрермендерді сендіріп, көзге ыстық жас келтіруде. Мұндай күрделі қойылымдар оқушылардың киелі сахнаға төселіп қалыптасуына үлкен септігін тигезері анық, – дейді атындағы №261 орта мектептің педегог ұйымдастырушысы Шолпан Қонақбайқызы.

Талантты балалардың басын біріктіретін үйірменің оларға берері көп. Жобаның мүшелері де сахнада өздерін еркін ұсатуға, кейіпкер бейнесін ашуға, шығарманың мазмұнын толық түсініп, сахналап шығуға машықтанып келеді. Театр – тәрбие мектебі, театр – тәлім, рухани азық алар орда. Ол – көрінгеннің ермегі емес, үлкен еңбек.

Басы 1-бетте

Бетті дайындаған
Айтолқын АЙТЖАНОВА

Депутат болсам ба екен, болмасам ба?

Еркімнен тыс желкемнен басқан тарамыс қолдар тұқырта түсті. Бұрылып қарауға, осынау қиын сәтте кімнің-кім екенін айыруға да мұрша бермеді. Әлеуетті күштер мойнымнан, иығымнан басқан қалпы тырп еткізер емес.

Енді менде бір ғана амал қалды. Бұлар мені тұншықтырып жанымды қинамай тұрған кезде не де болса айтарымды айтып қалайын деп дауыстай жөнелдім.

– Депутат бол-май-мын!

– Боласыз!

– Айналайындар-ау, қалай болмақпын? Кеше ғана ғой бірінші мерзімім бітті. Енді екінші мерзімге қайта сайламақсыңдар ма, Ұят қайда? Менде өзімше кісінің қысылтаяң жерде айтатын сөздерін айтудай-ақ айтып жатырмын.

Қорқыныштың әсерінен әлгілердің адам не құбыжық екенін айыра алмадым. Мұндайда қарсыласыңның ырқына көнуден басқа амал жоқ екенін біліп былай дедім:

– Ал, болдым делік. Сонан бірдеңе өзгере қала ма?

– Біздің аманаттарымызды жеткізесің!

– Аманатшылын бұлардың. Осы аманат деген пәледен-ақ шаршадым.

Біз көз майымызды тауысып отырып заң шығарамыз, сендер болсаңдар орындамайсыңдар.

Қайта-қайта қабылдай беріп, заңнан да ұят болды.

Айттым ғой, кім талапкер, сол бола берсін мен өкпелемеймін деп.

– Боласыз!

– Болмаймын!

– Қалауымыз сізге түсіп тұр.

– Не, дүниеде менен басқа адам құрып қап па?

– Сіздің тәжірибеңіз бар.

Бірнеше дауыс қатар шықты.

– Болмасаңыз заңға береміз.

– Ойбай-ай! – дедім. Ойбай-ай! Бұлардан бәрін күтуге болады. Мынау бізді қорлады. Арымызға тіл тигізді деп жабыла қол қойып жазса, жазып та жіберуі мүмкін. Қазір заңға да сеніп болмайды!

Ішімнен бір шайтан: Мұсағали деген атың болмаса осылар сенің қай жеріне қызыға қалды деп те түрткілейді.

Әдетім, сезіктене қалсам болды айналаны бақылай бастаймын. Адамдар не істеп жүр? Оларды қызықтыратын нәрсе не? Ол өте ұсақ, көзге әзер көрінетін затта болуы мүмкін. Алайда өзім күдіктенген нәрсені басқаның бойынан көрсем ол маған сенім ұялатып, ары қарай жұмыс істеуім үшін керек болатын.

Қазір де сондай күй кешіп отырмын.

Сәл ойланып тұрдым да болайын, бірақ қабылдаған заңдарымызды орындайсыңдар ғой дедім.

– Орындаймыз!

– Мен құрғақ уәделерге сенбейтін адаммын. Сондықтан өз қолдарыңмен тіл хат жазып беріңдер.

– Жаздық!

– Мөрі қайда?

– Міне.

– Айы-күні?

– Көрсеттік.

– Мен оқып болған соң көшірмесін хатшы қызға қалдырасыңдар. Мұны сұрап отырғаным, мерзімі өтіп кетіпті, қайта қарауға жатпайды деп біздің шалқаятын әдетіміз бар. Солай болып жүрмей ме?

– Жоқ!

Арқамдағы сіреске қолдар бір мезет босаңсыды да ол менің еркін тыныстап сөйлеуіме мұрсат берді:

– Орындағанда кім нені орындайды?

– Мен! Асқар Жұмашұлы. Тіл туралы заңның орындалуына кепілдік беремін. Сонымен қатар бір мезетте қалалық тіл басқармасының басшысымын.

Біздегі лауазымдылар алдымен уәдесін беріп соңынан қызмет дәрежесін тіркеп қоятыны бар. Сол жағынан алып қарағанда бұл мырзаға сенуге болады.

– Дұрыс. Ары қарай.

– Мен! Жәкен Андасұлы.

Азаматтардың оқуға, еңбек етуге, демалуға құқы бар деген заңның орындалуына сөз беремін.

– Ұлт мүддесі, «Жеке тұлғалардың өтініштері» туралы бапқа біз жауап береміз.

– Бізің кім?

– Тәкен, Мәкен, Сәлімбай…

– Онда қолдарыңды қойыңдар.

Өзім де таңырқап қалдым.

Арқамдағы тылсымды дию, пері дейін десем адамша тіл қатысады. Адам дейін десем мәжбүрлеп желкелеп отырғаны мынау.

– О, құдай! – дедім. Қазір XXI ғасыр. Бізде өтіріктер ғасыры. XXII ғасыр болғанда ғой қолдаушыларымды қинамай-ақ бол десе бола салар едім. Мұның себебі жалған сөйлеп, өзіңді жұбатқаныңмен әлгінің санаңнан өшпей осы ісім дұрыс па, бұрыс па? Бұлай жасамай, қалай жасағаным жөн еді деп адамдардың өз жанын өзі жейтінін біліп былай дедім:

– Айналайындар-ау, араларыңда титтей де болса шығарған заңымызды орындап мұсылманмын деп жүрген адал адам бар ма?

– Бар, ойбай!

– Бар болса сонымен сөйлесуім керек.

Ақылым жетпегені қалықтап ақ сағымдардың арасында жүргендеймін. Мәжбүрлеушілерімнің сөзі бірде анық, бірде алыстап күңгірт естіледі. Не талап етсем сәтінде орындалып, өзім ертегілер елінің патшасындаймын. Соның әсері болса керек. Алдымда офицер шеніндегі бір азамат пайда бола кетті.

– Аты-жөнің?

– Серкебаев!

– Шенің?

– Аға-лейтенант.

– Қызметің.

– Қалалық қозғалыс қауіпсіздігін бақылау бөлімінің «Н», ауданы бойынша жол полицайы.

– Көптеген аға лейтенанттардың ысылған, жытқыр, ку боп келетінін білемін ғой.

Бұл лейтенант толық, төртбақ денелі, шындап талап етсе кез келген пендеңізді сандалтып-сансыратып жіберетіндей көрінді маған.

– Осы азаматты адал деп ойлайсыздар ғой?

– Адал деп ойлаймыз.

– Онда анықтап алайын. Бір апта бұрын қызмет бабымен қайда болдыңыз?

– Базар маңында!

– Қай мезгілде?

– Түс қайта.

– Сағат қаншада?

– Төртте.

– О, Жаратқан! Қандай сәйкестік десеңізші. Менің есте сақтау қабілетім алдамаса болмашыға бес мың сұрап үш мың теңгеге әзер көнгенде осы лейтенант болатын. Мен мұны тапқырлықпен әдейі айтып тұрған жоқпын. Кездейсоқтықтың өзі осылай болып шықса мен қайтейін? Сосын былай деп ренжи жөнелдім.

– Біз болсақ жемқорлықты жоямыз деп заң шығарамыз. Сендердің Отан алдындағы жасап жүргендерің мынау. Сонда мен қалай депутат болмақпын? Болмаймын! – дедім.

– Боласыз!

Әлеуетті қолдар және тұншықтыра бастады. Бізде бет перде кию үрдіс қой. Байқап қалғаным. Құбыжыққа балап тылсымға теңеп жүргенім басқа емес перде киген кәдімгі адамдар боп шықты.

– Ойбай-ай, адам екен!

Олармен енді адамша сөйлесіп, тіл қатыса бастадым.

– Әй, менен сендерге керегі не?

– Депутат болғаныңыз.

– Менен жөнді депутат шығады деп ойлайсыздар ма?

– Ойлаймыз!

– Өкініп қалмайсыздар ма?

– Өкінбейміз.

– Мен айтарымды айттым. Обал-сауабым сендерге дедім де сұрай қойдым.

– Өздерің қай партиядансыңдар?

– «Бақыт» партиясынанбыз.

Бұлай болар деп кім ойлапты? Бір партиялық сезімінен толқып кеттім де менде сол партиядан екенімді айта қойдым. Сөйтсем, «Келешек», «Сұңқар» партияларынан депутаттар бар да біздің партиямыздан жоқ, бауырларымның мені мәжбүрлеп депутаттыққа итермелегені сол боп шықты.

Бізде зерттелмеген құпиялар көп қой!

Ол болмаймын десең болдырып, боламын десең болдырмайтын әдетіміз. Психологтардың аша алмай жүрген жаңалығы да сол.

Осы жағдайларды ескеріп қолдаушыларымның қандай жолмен болса да мақсатына жетпей тынбайтынын біліп «Болайын» – дедім.

Адамдар өзгеріс жасамаса төзімділікке еті өліп өзіне ұнамаса да қарабайырлықтан шыға алмай бір соқпақпен жүріп алатыны бар.

Мұны тағдыр дейді екенбіз.

Осыны қауқарсыз өз ісіне қарсы тұра алмайтын рухани әлсіздер жасайды.

Онан құтылудың жолы серпіліс жасау.

Ал менің серпіліс жасап тағдырымды өзгерткенімді сол деп біліңіздер, бірінші сайланған депутат кезімдегі орындалмаған заңдар, шешілмеген әлеуметтік мәселелер, тілеуіңді бергір жол полицайының ерігіп көрінген машинаға тиісетіні есіме түсіп, тарамыс қолдар қанша жанымды қинап сілкілесе де «болмаймын!» деп айғайлап жібердім.

Өз дауысымнан өзім шошып ояндым. Сөйтсем түсім екен! Тілеуім түсім емес, өңім болса деп армандағанмын. Болсам болайын деп көзімді жұмғанымен ол түстерді қайта көре алмаймын ғой. Сосын өкініштің әттегенайы бойымды билеп, дауысым Ұлы даланың өлшеусіз кең дүниесіне сіңіп кетіп жатты. Депутат болсам ба екен? Болмасам ба?

Ералхан ЖЫЛҚЫАЙДАРҰЛЫНЫҢ
Фейсбуктегі парақшасынан
2017 жыл
Сурет **Евгений КРАНДІКІ**

Әттең-ай

Не жаман да не заман,
Жұмыссыз жүрсе ез жаман,
Арақ ішіп тентіреп,
Уайымсыз жүрсе сол жаман.
Шамаң келсе салмақта,
Ұятқа қалмай арды ойла,
Тәрбие берер ұрпаққа,
Есінді жиып соны ойла.
Өз қадірің кетеді,
Сөз қадірің қашады,
Уақыт болса зымырап,
Ұнатпайды баяуды.

Жуа

Семіз жуа көңілді,
Қуаныштан лепірді.
Көпірік атып аузынан,
«Қымбаттадық біз», – деді.

«Әлеуметтік дүкенде»,
Бағамыз арзан болса да,
Супермаркет, базарда ,
Бас айналар «бағада».

Бұл, әрине, уақытша,
Дүрбелең болар соңында,
Сасыған сасық жуалар,
Қоқысқа барып тасталар.

Семіз жуа сенбеді,
Мерзімін де көзге ілмеді,
Сырты жуан болса да,
Солатынын білмеді.

Шіркін, қант !

Дүкенде көрдім өзіңді,
Ренжулі бейнең жүзіңде,
Қашқақтап кетіп барасың,
Оянып кетсем түс екен.

Ертеңіне дүкеннен,
Сатып алдым өзіңді.
Қанық болдым жағдайға,
Қымбаттапсың, о, сорлы!

Рысбек ТОБЫЛОВ

Әзіл-тәлімдер әзілі

Кейде бірге жұмыс істейтін адамдардың арасында әдемі әзіл өріліп жатады. Қағазға түртіп қоймағандықтан бәрі бірдей есте қала бермейді. Дегенмен көпке дейін айтылып жүретіндері болады.

ҮЙІМ ҮЙ ЖАҚТА

Бірде «Сыр медиа» серіктестігінде жұмыс істейтін Мұқағали есімді жігіт әріптестерін үйіне қонаққа шақырды. Түс кезі еді. Шақырған адамы да көп екен. Бір көлікке сыймадық.

Мен ұйымдастыру және әкімшілік бөлімінің басшысы Бақытжан Шайхназаров тізгіндеген көліктемін. Жанымда мекемедегі кәсіподақ комитетінің төрайымы Бота Тәңірбергенова апайым бар. Барар жерді адаспай табу мақсатында Мұқағалидың өзіне қоңырау шалдым. «Алло, Мұқағали, үйің қай жақта?» дегенімде «Үй жақта» деп жауап берді. Шамасы, менің сөзімді «қай жақтасың?» деп естіді-ау, сабазың.



МЕНІҢ БАР САЛМАҒЫМДЫ ТАСТАПТЫ ҒОЙ

Осы жылдың қаңтар айында редакцияға жас ғалым, ақындығымен де белгілі Серікхан Жүзеев есімді азамат соқты. Өзі де журналист қой. Анда-санда соғып, жағдай білетін жайы бар. Екеуара әңгімелесіп отырып мән бермеппін, байқасам әжептеуір азып қалған сияқты.

– Серікхан-ау, азғансың ба, қалай өзі? – дедім қызығушылық танытып.

– Иә, аға, 50 келі салмақ тастадым, – деді ол.

Серікханның бұлай айтқанын естіген Тұрар Бекмырзаев есімді журналист «менің бар салмағымды тастапты ғой» демесі бар ма өзінің арықтығын меңзеп.

Ә.ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

ТӨРТЕУДІҢ ТІРЛІГІ (ЕРТЕК)

Суретті салған **Айдарбек ҒАЗИЗҰЛЫ**

Дию, пері, шын, шайтан,
Төртеуі іздеп ұяны...
Тауып оны бір жайдан,
Соған әрең сияды.

Жол басшысы ЖЫН екен,
Жалмаңдаған тың екен.
Тапқандары қуықтай,
Тіпті тап-тар шыны екен.

Батқандай боп ұйыққа,
Тіреледі тұйыққа.
Төртеу ара келісіп,
Айналады сұйыққа.

Бұны көрген бір пенде,
Алмайын деп шығындап.
Апыл-ғұпыл тым демде,
Алады аузын тығындап.

Сезетін көңіл-қоштарын,
Шақырады достарын.
Ашып дәмін көрудің,
Құрады бірден жоспарын...

Шыныдағы төртеуге,
Керегі де осы еді.
Өзекті сосын өртеуге,
Ерекше еді есебі.

Үйір боп сол сұйыққа,
Кей пенде батты ұйыққа.
Тәлкегінен төртеудің,
Тірелді тағдыр тұйыққа.

Бұған мәз-ай төртеуі,
Бұл – бүгінгі ертегі.
Төртеуге тым үйірдің,
Не болар екен ертеңі?!



Суреттер ашық дереккөзден алынды.

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

– Арақ ішіп мазақ болғанша,
Айран ішіп таза ақ бол.

***

– Арақ ішіп маймыл болғанша,
Ашытпа ішіп айғыр бол.

***

– Алаяқтықты «кәсіп» еткенше,
Адамгершілікті азық ет.

***

– Есірткі шегіп елергенше,
Кәсіп істеп көгер.

***

– Өзімшілге сүлгі болғанша,
Өз ісіңмен үлгі бол.

***

– Озбырлық орға жығады,
Ордан алып, торға тығады.

***

– Жағымпаз адам жалтақ болады,
Ар-намыстан алшақ болады.

***

– Өсек те аурудың бір түрі,
Өзге де көп түр-түрі.

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 2922 **Тапсырыс №235**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Айтолқын АЙТЖАНОВА